

## **Білім саласында жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту туралы**

Алматы облысы әкімдігінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы N 436 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2013 жылы 30 қаңтарда N 2295 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2014 жылғы 02 маусымдағы № 196 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 02.06.2014 № 196 қаулысымен.**

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1 бабындағы 4 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, жергілікті атқарушы органдар көрсететін білім және ғылым саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы" N 1119 қаулысына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Қоса беріліп отырған:

- 1) "Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға арналған құжаттарды ресімдеу";
- 2) "Білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру";
- 3) "Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау";
- 4) "Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау";
- 5) "Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау";
- 6) "Аз қамтылған отбасы балаларының қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттарды қабылдау";
- 7) "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқитындарға жатақхана беру";
- 8) "Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға

қабылдау";

9) "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау";

10) "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау";

11) "Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және үйлеріне кері тегін тасымалдауды ұсыну үшін құжаттар қабылдау";

12) "Жалпы білім беретін мектептерде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін тамақтандыруды ұсыну үшін құжаттар қабылдау";

13) "Негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет регламенттері бекітілсін.

2. Алматы облысы әкімдігінің 2012 жылғы 2 сәуірдегі "Білім беру саласындағы мемлекеттік қызметтердің регламенттерін бекіту туралы" N 82 қаулысының (2012 жылғы 7 мамырдағы Алматы облысының Әділет департаментінде нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2090 номерімен енгізілген, 2012 жылғы 20 қыркүйектегі N 108-109 "Жетісу" газетінде және 2012 жылғы 20 қыркүйектегі N 108-109 "Огни Алатау" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.М.Мұқановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысы әкімі

А. Мұсаханов

Алматы облысы әкімдігінің  
2012 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 436 қаулысымен бекітілген

**"Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға арналған құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет регламенті**  
**Негізгі ұғымдар**

1. Осы "Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға арналған құжаттарды ресімдеу" жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету регламентінде (бұдан әрі - Регламент) келесі келесі ұғымдар қолданады:

1) тұтынушы – жеке тұлға;

2) жергілікті уәкілетті орган – аудандық, облыстық маңызы бар (қалалық) білім бөлімдері;

3) уәкілетті органның жауапты орындаушысы – қызметтік нұсқаулыққа байланысты міндеттер жүктелген уәкілетті органның қызметкері;

4) уәкілетті органның басшысы – аудандық, облыстық маңызы бар (қалалық) білім бөлімдерінің бастығы;

## **2. Жалпы ережелер**

2. Осы мемлекеттік қызметтің регламенті (бұдан соң - Регламент) Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдер туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9 -1-бабындағы 4 тармаққа сәйкес әзірленді.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету регламентінің 1 қосымшасына сәйкес уәкілетті органдар тарапынан көрсетіледі.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету түрлері: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі

6. Мемлекеттік қызмет "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 124 – 125-баптарының негізінде жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі осы стандартқа 2-қосымшаға сәйкес ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмаған балаларға қорғаншылық (қамқоршылық) белгілеу туралы анықтама (бұдан әрі – анықтама) беру не қызмет көрсетуден бас тартудың дәлелді жауабын ұсыну болып табылады.

## **3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар**

8. Мемлекеттік қызмет стандарты туралы ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің интернет-ресурсында ([www.bala-kkk.kz](http://www.bala-kkk.kz), "Нормативтік құқықтық актілер" бөлімі);

2) уәкілетті органдардың орын-жайларында орналасқан стенділерде орналасады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсетудің мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап күнтізбелік отыз күнді (құжаттарды қабылдаған күн және берген күн мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді) құрайды;

2) өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күту уақытының барынша ұзақтығы 20 минуттан аспайды;

3) өтініш берген күні сол жерде мемлекеттік қызметті алушыға көрсетілетін қызмет көрсету уақытының барынша ұзақтығы 20 минуттан аспайды.

10. Уәкілетті орган:

1) мемлекеттік қызметті алушы осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын толық ұсынбаған;

2) қызмет көрсету үшін шешім қабылдау үшін қажетті құжаттарда жалған немесе бұрмаланған мәліметтер анықталған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

11. Тұтынушыдан мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш алғаннан бастап мемлекеттік қызметтің нәтижесін ұсынғанға дейінгі уәкілетті орган арқылы мемлекеттік қызмет көрсетудің кезеңдері:

1) тұтынушы уәкілетті органға өтініш білдіреді;

2) уәкілетті орган кеңсесі тұтынушының өтінішін тіркейді уақыты мен күні; көрсетілетін қызмет түрі; тапсырылған құжаттардың тізімі; дайын құжаттарды алатын күні мен уақыты, орны; құжаттарды рәсімдеуге өтініш қабылдаған уәкілетті органның жауапты қызметкерінің аты-жөні көрсетілген түбіртек береді;

3) уәкілетті орган кеңсесі құжаттарды уәкілетті органның басшысына жібереді;

4) уәкілетті органның басшысы құжаттармен танысып, жауапты қызметкерге орындауға жібереді;

5) уәкілетті органның жауапты қызметкері анықтама алу үшін құқығын анықтауға ұсынылған құжаттарды қарастырып, анықтама алу үшін ұсынылған құжаттардың рәсімделгені жөнінде хабарламаны немесе қызметтің көрсетілмейтіндігі туралы жазбаша дәйектелген жауап әзірлейді, басшы тарапынан қол қойып, уәкілетті орган кеңсеге жібереді.

б) уәкілетті орган кеңсесі тұтынушыға құжатты жолдайды.

12. Уәкілетті органға мемлекеттік қызмет көрсетуші өтініш қабылдайтын тұлғалардың минималды саны бір қызметкерді құрайды.

#### **4. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында әрекет ету (өзара қызметтердің) тәртібінің сипаттамасы**

13. Құжат қабылдауды уәкілетті органның жауапты қызметкері осы регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген мекежайлар бойынша жүргізеді.

Уәкілетті органның қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы N 1119 қаулысымен бекітілген "Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға арналған құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет стандартының 11 тармағында сәйкес ұсынылған құжаттарды тексереді.

Қызмет көрсету барысында уәкілетті органның қызметкері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы N 1119 қаулысымен бекітілген "Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға арналған құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет стандартының 11 тармағына

сәйкес құжаттарды тексереді. Тұтынушыға құжаттарды қабылдаған тұлғаның аты-жөні, тіркелген күні көрсетілген регламенттің 1 қосымшасына сәйкес қолхат береді.

Тұтынушының тапсырған құжаттары толық болмаған жағдайда оның құжаттары қабылданбайды. Тұтынушының талабы бойынша оған құжаттардың қабылданбағаны туралы жазбаша түрде түсініктеме беріледі.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы уәкілетті органға мынадай құжаттарды тапсыруы қажет:

1) жеке тұлғаның аудандық, қалалық бөлімдер, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың білім басқармалары бастықтарының атына өзінің қорғаншы (қамқоршы) болуға ниеті туралы өтініші еркін нысанда ресімделеді;

2) егер қорғаншы (қамқоршы) болуға ниет білдірген адам некеде тұрған болса, жұбайының (зайыбының) нотариалды расталған келісімі;

3) егер қорғаншы (қамқоршы), тәрбиеші болуға ниет білдірген адам некеде тұрған болса, мемлекеттік қызметті алушының және жұбайының (зайыбының) жеке куәлігінің түпнұсқасы мен көшірмесі;

4) осы стандартқа 3-қосымшаға сәйкес қорғаншы (қамқоршы) болуға ниет білдірген адамның және некеде тұрған жағдайда, жұбайының (зайыбының) денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды;

5) егер мемлекеттік қызметті алушы некеде тұрмаған болса, нотариалды расталған анықтама;

6) мемлекеттік қызметті алушының өмірбаяны еркін нысанда ресімделеді;

7) мемлекеттік қызметті алушыға жұмыс орнынан берілген мінездеме;

8) жұмыс орнынан анықтама;

9) жалақысы туралы анықтама;

10) тұрғылықты жерінен анықтама;

11) некеде тұратыны туралы куәлік (некеде тұрған болса);

15. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер әрекет етеді (бұдан соң – ҚФБ):

1) уәкілетті органның жауапты орындаушысы;

2) уәкілетті органның кеңсе қызметкері;

3) уәкілетті органның басшылығы.

16. Әкімшілік өзара әрекетті (рәсімді) орындау мерзімі көрсетілген ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің (рәсімдері) реттілігі мен өзара әрекеттерінің мәтіндік кестелік сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген.

17. Әрбір ҚФБ әкімшілік әрекеттің (процедурасының) өзара байланысы мен ретті орындалу тәртібі регламенттің 4 қосымшасында әр әкімшілік әрекет (процедурасы) көрсетіле отырып, кесте түрінде сипатталған.

## 5. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымдық тұлғалардың жауапкершілігі

18. Уәкілетті органның басшысы мемлекеттік қызметті көрсететін жауапты тұлға болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, мемлекеттік қызметтің белгіленген мерзімде көрсетілуін Уәкілетті органның басшысы жауапты болады.

"Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға арналған құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет регламентіне  
1-қосымша

### Мемлекеттік қызмет көрсету уәкілетті органдардың тізбесі

Уәкілетті органдардың атауы	З а ң д ы мекен - жайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
"Ақсу аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Ақсу ауданы, Жансүгіров кенті, Желтоқсан көшесі, 5 үй	Күн сайын 9.00 сағаттан 18.00 сағатқа дейін, демалыс-сенбі, жексенбі	8-728-32-2-15-80
"Алакөл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 148 Индекс: 040200	Күн сайын 9.00 сағаттан 18.00 сағатқа дейін, демалыс-сенбі, жексенбі	8-728-33-2-10-30
"Балқаш аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Балқаш ауданы, Бақанас ауылы, Д.Қонаев көшесі, 72 үй Индекс: 040300	Күн сайын 9.00 сағаттан 18.00 сағатқа дейін, демалыс-сенбі, жексенбі	8-727-73-91111
"Еңбекшіқазақ аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы, Тоқатаев көшесі, 51 үй Индекс: 040400	Күн сайын 9.00 сағаттан 18.00 сағатқа дейін, демалыс-сенбі, жексенбі	8-727-75-4-15-50
"Ескелді аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қарабұлақ кенті, Оразбекова көшесі, 31 үй Индекс: 040500	Күн сайын 9.00 сағаттан 18.00 сағатқа дейін, демалыс-сенбі, жексенбі	8-728-36-3-12-00
"Жамбыл аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Ұзынағаш ауданы, Жамбыл ауданы, Абай көшесі, 47 үй Индекс: 040600	Күн сайын 9.00 сағаттан 18.00 сағатқа дейін, демалыс-сенбі, жексенбі	8-727-70-2-26-71
"Іле аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Іле ауданы, Өтеген батыр кенті, Титов көшесі, 33 "а" үй Индекс: 040700	Күн сайын 9.00 сағаттан 18.00 сағатқа дейін, демалыс-сенбі, жексенбі	8-727-52-2-35-05
"Қапшағай қалалық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қапшағай қаласы, Жамбыл көшесі, 13 үй Индекс: 040800	Күн сайын 9.00 сағаттан 18.00 сағатқа дейін, демалыс-сенбі,	8-727-72-4-22-65
"Қаратал аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қаратал ауданы, Үштөбе қаласы, Құсмолданов көшесі, 21 үй Индекс: 041100	Күн сайын 9.00 сағаттан 18.00 сағатқа дейін, демалыс-сенбі, жексенбі	8-728-34-2-15-36
"Қарасай аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қарасай ауданы, Қаскелен қаласы, Қарасай батыр көшесі, 31 үй Индекс: 040900	Күн сайын 9.00 сағаттан 18.00 сағатқа дейін, демалыс-сенбі, жексенбі	8-727-71-2-10-80
"Кербұлақ аудандық білім, дене	Кербұлақ ауданы, Сарыөзек кенті,	Күн сайын 9.00 сағаттан	

шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Б.Момышұлы көшесі, 10 үй Индекс: 041000	18.00 сағатқа дейін, демалыс-сенбі, жексенбі	8-728-40- 3-14-34
"Көксу аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Көксу ауданы, Балпық би кенті, Мырзабеков көшесі, 38 үй Индекс: 041200	Күн сайын 9.00 сағаттан 18.00 сағатқа дейін, демалыс-сенбі, жексенбі	8-728-38- 2-02-95
"Панфилов аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Алматы облысы, Панфилов ауданы Жаркент қаласы, Розыбакиев көшесі, 22 Индекс: 041300	Күн сайын 9.00 сағаттан 18.00 сағатқа дейін, демалыс-сенбі, жексенбі	8-728-31- 5-07-69
"Райымбек аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Райымбек ауданы, Кеген селосы, Б.Момышұлы көшесі, 19 үй Индекс: 041400	Күн сайын 9.00 сағаттан 18.00 сағатқа дейін, демалыс-сенбі, жексенбі	8-727-77- 2-12-52
"Сарқан аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Сарқан қаласы, Тынышбаев көшесі, 8 үй Индекс: 041500	Күн сайын 9.00 сағаттан 18.00 сағатқа дейін, демалыс-сенбі, жексенбі	8-728-39- 2-27-39
"Талдықорған қалалық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Талдықорған қаласы, Абая көшесі, 256 үй Индекс: 040000	Күн сайын 9.00 сағаттан 18.00 сағатқа дейін, демалыс-сенбі, жексенбі	8-72-82- 27-10-00
"Талғар аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Талғар қаласы, Қонаев көшесі, 65 үй Индекс: 041600	Күн сайын 9.00 сағаттан 18.00 сағатқа дейін, демалыс-сенбі, жексенбі	8-727-74- 2-25-06
"Текелі қалалық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Текелі қаласы, Абылай хан көшесі, Индекс: 041700	Күн сайын 9.00 сағаттан 18.00 сағатқа дейін, демалыс-сенбі, жексенбі	8-728-35- 4-25-24
"Ұйғыр аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Ұйғыр ауданы, Шонжы селосы, К. Исламова көшесі, 70 "а" үй Индекс: 0418000	Күн сайын 9.00 сағаттан 18.00 сағатқа дейін, демалыс-сенбі, жексенбі	8-727-78- 2-28-25

"Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға арналған құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет регламентіне  
2-қосымша

## Әкімшілік әрекеттердің реттілігі және өзара байланысын

### сипаттау

#### 1-кесте. ҚФБ әрекеттерін сипаттау.

Негізгі үдерістің әрекеттері (барысы, жұмыс легі)			
№ әрекеттің (барысы, жұмыс легі)	1	2	3
ҚФБ атауы	Уәкілетті органның жауапты атқарушысы	Уәкілетті органның басшысы	Уәкілетті органның жауапты атқарушысы
Әрекеттің (үдерістің, ресімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, тіркеу	Құжаттармен танысады, орындау үшін жауапты атқарушыны белгілеу	Құжаттардың толықтығын тексеруді жүзеге асыру, дәлелді бастартуды немесе хабарлама дайындау
Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат,	Бұрыштама үшін басшыға	Бұрыштама салу,	

ұйымдастырушылық-бөлу шешімі)	құжаттарды жіберу	құжаттарды жауапты атқарушыға жіберу	Құжаттарды әкімге жіберу
Орындалу мерзімдері	30 минут	1 сағат	14 жұмыс күні ішінде

### 1-кестенің жалғасы.

N әрекеттің (барысы, жұмыстардың легі)	4	5	6
ҚФБ атауы	Әкім	Уәкілетті органның басшысы	Уәкілетті органның жауапты атқарушысы
Әрекеттің (үдерістің, ресімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттармен танысу	Құжаттармен танысу	Үзінді дайындау
Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық-бөлу шешімі)	Әкімдіктің қаулысына қол қою	Дәлелді бас тартуға қол қою	Құжаттарды әкімге тапсыру
Орындалу мерзімдері	5 жұмыс күні ішінде	1 сағат	5 жұмыс күні ішінде

### 1-кестенің жалғасы

N әрекеттің (барысы, жұмыс легі)	7	8
ҚФБ атауы	Әкім	Уәкілетті органның жауапты атқарушысы
Әрекеттің (үдерістің, ресімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Хаттармен танысу	Үзіндіні жетім, балаларының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамтуға құжаттарды Ресімдеу кітабында тіркеу
Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық-бөлу шешімі)	Құжатқа қол қою	Тұтынушыға немесе орталыққа мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін тапсыру, хабарлама немесе дәлелді бастартуды табыстау жөнінде қолхат
Орындау мерзімі	5 жұмыс күні ішінде	Жұмыс күні ішінде
Келесі әрекеттің нөмірі	8	

## 2-кесте. Қолдану нұсқасы. Негізгі үдеріс

1 топ ҚФБ	2 топ ҚФБ	3 топ ҚФБ
Уәкілетті органның жауапты атқарушысы	Уәкілетті органның басшысы	әкім
N 1 әрекет Құжаттарды қабылдау, қолхат беру, өтінішті тіркеу, уәкілетті органға өтініштерді жіберу	N 2 әрекет Бұрыштама қою	
N 3 әрекет әкім қаулысының жобасын дайындау		N 4 әрекет әкімнің қаулысына қол қою
N 5 әрекет үзіндіні ресімдеу		N 6 әрекет үзіндіге қол қою
N 7 әрекет үзіндіні тұтынушыға тапсыру		

## 2-кесте Қолдану нұсқасы. Балама үдеріс.

--	--




1 топ	Қ Ф Б	2 топ	Қ Ф Б
Уәкілетті органның жауапты атқарушысы		Уәкілетті органның басшысы	
N 1 әрекет		N 2 әрекет	
Құжаттарды қабылдау, өтініштерді тіркеу, өтінішті уәкілетті органның басшысына жіберу		Бұрыштама қою	
N 3 әрекет		N 4 әрекет	
Құжатты қарастыру. Дәлелді бастарту рәсімдеу		Дәлелді бас тартуға қол қою	
N 5 әрекет			
Тұтынушыға дәлелді бастартуды жіберу			

"Жетімдерді, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыруға арналған құжаттарды ресімдеу" мемлекеттік қызмет регламентіне  
3-қосымша

## **Әкімшілік іс-қимылдардың (процедуралардың) сатылығы мен өзара әрекеттесуінің сипаттамасы**

### **Тұтынушының қызмет көрсету жөнінде уәкілетті органға жүгінуі кезіндегі ҚФБ іс-әрекетінің сипаттамасы**



Алматы облысы әкімдігінің  
2012 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 436 қаулысымен бекітілген

## "Білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру" мемлекеттік қызмет регламенті

### 1. Негізгі ұғымдар

1. Осы "Білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру" жөніндегі мемлекеттік қызмет көрсету регламентінде (бұдан әрі - Регламент) келесі ұғымдар қолданады:

- 1) алушы – жеке тұлға;
- 2) жергілікті уәкілетті орган – білім беру ұйымдары;
- 3) білім беру ұйымы қызметкері – қызметтік нұсқаулыққа байланысты міндеттер жүктелген білім беру ұйымының қызметкері;
- 4) уәкілетті органның басшысы – білім беру ұйымдарының бастығы;

5) білім беру ұйымдары – негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары.

## **2. Жалпы ережелер**

2. Осы мемлекеттік қызметтің регламенті Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдер туралы" 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабындағы 4 тармаққа сәйкес әзірленді.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету түрлері: автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

5. Мемлекеттік қызмет, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 4-бабы 9 - тармағына және "Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 1310 қаулысына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы N 1119 қаулысымен бекітілген "Білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру" мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес ұсынылады (бұдан әрі - стандарт).

6. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі білім туралы құжаттың телнұсқасы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

## **3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар**

7. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат білім беру ұйымдарының веб-сайтында орналастырылады.

8. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушылар мынадай құжаттарды ұсынады:

1) құжатты жоғалтқан азаматтың білім беру ұйымы басшысының атына оның жоғалу жағдайы баяндалған өтініші;

2) құжатың нөмері және берілген күні көрсетілген құжаттың жоғалғаны жөніндегі газеттен үзінді;

3) туу туралы куәліктің немесе жеке куәліктің көшірмесі;

4) жоғалған заттарды табу бюросынан анықтама.

9. Мемлекеттік қызметтің көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызметті алушы осы регламенттің 8-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 20 минуттан аспайды;

2) мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш берген сәттен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде.

10. Осы регламенттің 8-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар ұсынылмаған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады. Мемлекеттік қызметті алушы көрсетілген кедергілерді жойған жағдайда өтініш жалпы негізде

қарастырылады.

Мемлекеттік қызметті алушы мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тартылғаны туралы дәлелді жауапты білім беру ұйымынан алады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтатудың негізі жоқ.

11. Алушыдан мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш алғаннан бастап мемлекеттік қызметтің нәтижесін ұсынғанға дейінгі білім беру ұйымы арқылы мемлекеттік қызмет көрсетудің кезеңдері:

1) алушы білім беру ұйымына өтініш білдіреді;

2) білім беру ұйымының кеңсесі алушының өтінішін тіркейді уақыты мен күні; көрсетілетін қызмет түрі; тапсырылған құжаттардың тізімі; дайын құжаттарды алатын күні мен уақыты, орны; құжаттарды рәсімдеуге өтініш қабылдаған білім беру ұйымының жауапты қызметкердің аты-жөні көрсетілген түбіртек береді;

3) білім беру ұйымының кеңсесі құжаттарды білім беру ұйымының басшысына жібереді;

4) білім беру ұйымының басшысы құжаттармен танысып, жауапты қызметкерді белгілейді;

5) білім беру ұйымының жауапты қызметкері білім туралы құжаттардың телнұсқаларын алу үшін құқығын анықтауға ұсынылған құжаттарды қарастырып, білім туралы құжаттардың телнұсқаларын алу үшін ұсынылған құжаттардың рәсімделгені жөнінде хабарламаны немесе қызметтің көрсетілмейтіндігі туралы жазбаша дәйектелген жауап әзірлейді, басшы тарапынан қол қойып, білім беру ұйымының кеңсесіне жібереді.

6) білім беру ұйымының кеңсесі алушыға құжатты жолдайды.

12. Білім беру ұйымыдарында мемлекеттік қызмет көрсету үшін қабылданатын құжаттарды жүзеге асыру кемінде бір адамды құрайды.

#### **4. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында әрекет ету (өзара қызметтердің) тәртібінің сипаттамасы**

13. Құжат қабылдауды білім беру ұйымының жауапты қызметкері жүргізеді.

Білім беру ұйымының қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету кезінде регламенттің 8 тармағына сәйкес ұсынылған құжаттарды тексереді. Алушыға құжаттарды қабылдаған тұлғаның аты-жөні, тіркелген күні көрсетілген қолхат береді. Алушының тапсырған құжаттары толық болмаған жағдайда оның құжаттары қабылданбайды. Алушының талабы бойынша оған құжаттардың қабылданбағаны туралы жазбаша түрде түсініктеме беріледі.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер әрекет етеді (бұдан соң – ҚФБ):

1) білім беру ұйымының жауапты қызметкері;

2) білім беру ұйымының кеңсе қызметкері;

3) білім беру ұйымының басшылығы.

15. Әкімшілік өзара әрекетті (рәсімді) орындау мерзімі көрсетілген ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің (рәсімдері) реттілігі мен өзара әрекеттерінің мәтіндік кестелік сипаттамасы осы Регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген.

16. Әрбір ҚФБ әкімшілік әрекеттің (процедурасының) өзара байланысы мен ретті орындалу тәртібі Регламенттің 3 қосымшасында әр әкімшілік әрекет (процедурасы) көрсетіле отырып, кесте түрінде сипатталған.

## **5.Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымдық тұлғалардың жауапкершілігі**

17. Білім беру ұйымының басшысы мемлекеттік қызметті көрсететін жауапты тұлға болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, мемлекеттік қызметтің белгіленген мерзімде көрсетілуіне Білім беру ұйымының басшысы жауапты болады.

Білім туралы құжаттардың  
телнұсқаларын беру" мемлекеттік  
қызмет регламентіне 1-қосымша

(ТАӨ)

(сынып, факультет/бөлім, мамандық/пән)

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

"Білім туралы құжаттардың  
 телнұсқаларын беру" мемлекеттік  
 қызмет регламентіне 2-қосымша

### Әкімшілік әрекеттердің реттілігі және өзара байланысын сипаттау ҚФБ әрекеттерін сипаттау


N әрекеттің (барысы, жұмыс легі)	1	2
ҚФБ атауы	Білім беру ұйымының кеңсе қызметкері	Білім беру ұйымының кеңсе қызметкері
Әрекеттің (үдерістің, ресімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, тіркеу. Алушыға түбіртек беру.	Құжаттармен танысып, құжаттарды Білім беру ұйымының басшысына жібереді
Аяқталу нысаны мәліметтер, құжат,	(Білім беру ұйымының басшысына	

ұйымдастырушылық-бөлу шешімі)	құжаттарды жіберу	Білім беру ұйымының басшысы құжаттармен танысып, қол қояды және жауапты қызметкерді белгілейді.
Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық-бөлу шешімі)	Білім беру ұйымының жауапты қызметкеріне құжаттарды жіберу	Білім беру ұйымының жауапты қызметкері білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру үшін құжаттарды қарастырып, білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру немесе оған келісім берілмегені жөнінде хабарлама дайындайды және құжаттарды Білім беру ұйымының басшысына жібереді
Орындалу мерзімдері	5 жұмыс күні	5 жұмыс күні
Келесі әрекеттің нөмірі	2	
Әрекеттің (үдерістің, ресімнің, операцияның) атауы және олардың сипаттамасы	Білім беру ұйымының басшысына құжаттарды жіберу	Білім беру ұйымының басшысы білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру немесе оған келісім берілмегендігі туралы жобаға қол қояды, құжаттарды білім беру ұйымының кеңсе қызметкеріне жібереді
Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжат, ұйымдастырушылық-бөлу шешімі)	Білім беру ұйымының кеңсе қызметкеріне құжаттарды жіберу	Білім беру ұйымының кеңсе қызметкері білім туралы құжаттардың телнұсқаларын немесе оған келісім берілмегендігі туралы хабарлама жібереді
Орындалу мерзімдері	5 жұмыс күні	5 жұмыс күні

"Білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру" мемлекеттік қызмет регламентіне 3-қосымша

## **Әкімшілік іс-қимылдардың (процедуралардың) сатылығы мен өзара әрекеттесуінің сипаттамасы**

### **Алушының қызмет көрсету жөнінде уәкілетті органға жүгінуі кезіндегі ҚФБ іс-әрекетінің сипаттамасы**



Алматы облысы әкімдігінің  
2012 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 436 қаулысымен бекітілген

## "Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызмет регламенті

### 1. Негізгі ұғымдар

1.. Осы "Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентінде (бұдан әрі - Регламент ) келесі ұғымдар қолданылады:

- 1) мемлекеттік қызметті алушы - мектепке дейінгі жастағы баланың заңды өкілі;
- 2) уәкілетті орган – аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) білім бөлімі;
- 3) уәкілетті орган басшысы – аудандық, қалалық білім бөлімінің бастығы;
- 4) МДҰ - мектепке дейінгі ұйым.

### 2. Жалпы ережелер

2.. Осы мемлекеттік қызметтің регламенті Қазақстан Республикасының 200 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер" Заңының 9-1-бабындағы 4-тармағына сәйкес әзірленді.

3. "Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды



қабылдау" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) барлық типтегі және үлгідегі МДҰ көрсетеді.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6-бабы, 26-бабы, 30-бабы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы N 1119 қаулысымен бекітілген "Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі - стандарт) негізінде жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік қызмет мектепке дейінгі жастағы балалардың заңды өкілдеріне ( бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

8. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі стандарттың 5-тармағына сәйкес.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар**

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген уәкілетті органдардың стендтерінде, ресми ақпарат көздерінде және стандарттың 4,11 тармақтарында көрсетілген.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері стандарттың 7 тармағында көрсетілген.

11. Мемлекеттік қызмет стандарттың 16-тармағында көрсетілген жағдайларда ұсынылмайды. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтатуға негіздемелер жоқ.

12. Мемлекеттік қызметті алушының стандарттың 9-тармағына сәйкес МДҰ-на өтініш жасаған сәтінен бастап мемлекеттік қызметтің нәтижесін ұсынғанға дейінгі мемлекеттік қызмет көрсетудің кезеңдері:

1) мемлекеттік қызметті алушы МДҰ-ға қажетті құжаттарды ұсынады;

2) МДҰ-ның басшысы құжаттарды қабылдайды;

3) МДҰ-ның басшысы құжаттардың толықтығын тексергеннен кейін МДҰ-ның атынан әрекет ететін басшысы және мектепке дейінгі жастағы баланың заңды өкілі болып табылатын мемлекеттік қызметті алушы арасында баланы МДҰ-на қабылдау туралы келісім-шарт жасалады немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы жазбаша түрде дәлелді жауап беріледі.

13. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды жүзеге асыратын тұлғалардың минималды саны бір қызметкерді құрайды.

### **4. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында әрекет ету тәртібінің сипаттамасы**

14. Құжаттарды тікелей МДҰ-ның басшысы қабылдайды

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде МДҰ басшысы стандарттың 11-тармағына сәйкес құжаттардың толықтығын тексереді.

15. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы стандарттың 11-тармағына сәйкес қажетті құжаттарды ұсынады. Мемлекеттік қызметті көрсетуді тоқтатуға негіздемелер жоқ.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер тартылған (бұдан әрі - ҚФБ):

1) МДҰ-ның басшысы.

17. Әкімшілік өзара әрекетті орындау мерзімі көрсетілген ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің реттілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы осы Регламенттің 2-қосымшасында көрсетілген.

18. ҚФБ әкімшілік әрекетінің өзара байланысы мен ретті орындалу тәртібі Регламенттің 3-қосымшасында әр әкімшілік әрекеті көрсетіле отырып, кесте түрінде сипатталған.

## **5. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі**

19. МДҰ-ның басшысы мемлекеттік қызметті көрсетуге жауапты тұлға болып табылады.

МДҰ-ның басшысы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, мемлекеттік қызметтің белгіленген мерзімде көрсетілуіне жауапты болады.

"Мектепке дейінгі білім беру  
ұйымдарына құжаттарды қабылдау  
және балаларды қабылдау"  
мемлекеттік қызмет регламентіне  
1-қосымша

## **"Аудан (қала) әкімдіктерінің білім бөлімдері" мемлекеттік мекемелерінің тізімі**

№ п/п	Бөлімдердің атауы	Орналасқан мекенжайы	Байланыс телефондары
1	2	3	4
Алматы облысы			
1.	"Алакөл ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Үшарал қаласы Қонаев көшесі, 50	8 (728 33) 210-33, 225-64
2.	"Ақсу ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Жансүгір поселкісі, Желтоқсан көшесі, 5	8 (728 32) 215-80, 222-90
3.	"Балқаш ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Бақанас ауылы, Қонаев көшесі, 72	8 (728 73) 913-70, 918-53
4.	"Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Есік қаласы, Алматы көшесі, 312	8 (728 75) 453-57, 415-50
5.	"Ескелді ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қарабұлақ п, Оразбеков көшесі, 31	8 (728 36) 312-00, 307-74
	"Жамбыл ауданы әкімдігінің білім бөлімі"	Ұзынағаш ауылы, Мәжітов	

6.	мемлекеттік мекемесі	көшесі, 4	8 (728 70) 228-51, 233-48
7.	"Іле ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Өтеген батыр п, Титов көшесі, 33	8 (728)52-235-05, 236-94
8.	"Қаратал ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Үштөбе қаласы, Молдағұлова көшесі, 67	8 (728 34) 215-36, 213-82
9.	"Қарасай ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қаскелең қаласы, Қабанбай батыр көшесі, н/ж	8(728 71) 210-80, 220-37
10.	"Кербұлақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Сарыөзек п, Тимирязев көшесі, 1	8 (728 40) 320-68, 314-34
11.	"Көксу ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Балпық би, Мырзабеков көшесі, 38	8 (728 38) 217-61, 202-95
12.	"Панфилов ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Жаркент қаласы, Розыбакиев көшесі, 22	8 (728 31) 507-69, 517-75
13.	"Райымбек ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Кеген ауылы, Момышұлы көшесі, 19	8 (728 77) 212-52, 214-50
14.	"Сарқан ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Саркент қаласы, Тынышбаев көшесі, 8	8 (728 39) 227-39, 213-04
15.	"Талғар ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Талғар қаласы, Қонаев көшесі, 65	8 (728 74) 214-00, 236-89
16.	"Ұйғыр ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Шонжы ауылы, Исмаилов көшесі, 70	8 (728 78) 228-25, 217-04
17.	"Қапшағай қаласы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қапшағай қаласы, Жамбыл көшесі, 13	8 (728 72) 422-65, 411-76
18.	"Текелі ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Текелі қаласы, Абылайхан көшесі, 34	8 (728 72) 425-24, 447-70
19.	"Талдықорған қаласы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 256	8 (728 22) 710-00, 707-08

"Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша

## Әкімшілік әрекеттердің (үдерістердің) реттілігін сипаттау

### 1-кесте. ҚФБ әрекеттерін сипаттау


1.Негізгі үдерістің әрекеттері (барысы, жұмыс легі)	
1 N әрекеттің (барысы, жұмыс легі)	1
2 ҚФБ атауы	ММ
3 Әрекеттің атауы	МДҰ басшысының құжаттардың толықтығын тексеруі
4 Аяқталу нысаны (мәлімет, құжат, ұйымдастырушылық-бөлу шешімі)	Қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау, шарт жасау, немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту
5 Орындалу мерзімі	30 минуттан артық емес
6 Келесі әрекеттің нөмірі	

"Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызмет регламентіне 3-қосымша

## Әкімшілік іс-қимылдардың (процедуралардың) сатылығы мен өзара әрекеттесуінің сипаттамасы

### Мемлекеттік қызметті алушының қызмет көрсету жөнінде

### МДҰ-ға өтініш білдіру кезіндегі ҚФБ іс-әрекетінің сипаттамасы



Алматы облысы әкімдігінің  
2012 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 436 қаулысымен бекітілген

## "Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау" мемлекеттік қызмет регламенті

### 1. Негізгі ұғымдар

1. Осы "Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру

ұйымдарына қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентінде (бұдан әрі - Регламент) келесі ұғымдар қолданылады:

- 1) тұтынушы – жеке тұлға;
- 2) уәкілетті орган – білім басқармасы;
- 3) уәкілетті органның жауапты қызметкері – лауазымдық қызметіне сәйкес жүктелген арнайы білім беру ұйымының қызметкері;
- 4) уәкілетті органның бастығы – арнайы білім беру ұйымының директоры.

## **2. Жалпы ережелер**

2. Осы мемлекеттік қызметтің регламенті Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1 бабындағы 4 тармаққа сәйкес әзірленді.

3. "Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) ұйымдастырушылық-құқықтық, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан арнайы білім беру ұйымдары көрсетеді.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 19-бабымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы N 1119 қаулысымен бекітілген "Арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін мүмкіндіктері шектеулі балалардың құжаттарын қабылдау және арнайы білім беру ұйымдарына қабылдау" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес ұсынылады (бұдан әрі - стандарт).

6. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі мемлекеттік қызмет стандартының 5 тармағына сәйкес білім беру ұйымының бұйрығы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабы болып табылады.

## **3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар**

7. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы ақпарат білім беру мекемелерінің стендтерінде және стандарттың 4, 11 тармақтарында көрсетілген.

8. Аталған қызмет жеке тұлғаларға – 7-18 жас аралығындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері стандарттың 7 тармағында көрсетілген.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттың 16 тармағында көрсетілген жағдайларда ұсынылмайды.

11. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

12. Тұтынушыдан мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш алғаннан бастап мемлекеттік қызметтің нәтижесін ұсынғанға дейінгі уәкілетті орган арқылы мемлекеттік қызмет көрсетудің кезеңдері:

- 1) тұтынушы уәкілетті органға өтініш білдіреді;
- 2) уәкілетті органның жауапты қызметкері тұтынушының өтінішін тіркейді және құжаттарды рәсімдеуге өтінішті қабылдаған уәкілетті органның жауапты қызметкерінің аты-жөні, лауазымы, қабылдаған құжаттардың тізімі, күні, нөмірі көрсетілген қолхат береді;
- 3) уәкілетті органның жауапты қызметкері бұйрықтың жобасын дайындап, басшыға қол қойдырады.

13. Мемлекеттік қызмет білім беру ұйымының ғимаратында жүзеге асырылады. Қызмет көрсетілетін бөлме көлемі, орналасуы және сырт пішіні жағынан сапалы қызметтерді ұсыну талаптарына сай келеді. Күтуге және қажетті құжаттарды дайындауға қолайлы жағдай жасау үшін бөлме креслолармен және орындықтармен жабдықталған.

#### **4. Мемлекеттік қызмет көрсету барысында әрекет ету (өзара қызметтердің) тәртібінің сипаттамасы**

14. Құжаттарды уәкілетті органның қызметкері қабылдайды.

Уәкілетті органның қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету кезінде стандарттың 11 тармағына сәйкес ұсынылған құжаттарды тексереді.

Уәкілетті органның жауапты қызметкері тұтынушыға құжаттарды қабылдаған тұлғаның аты-жөні, тіркелген күні көрсетілген қолхат береді.

15. Тұтынушы мемлекеттік қызметті алу үшін стандарттың 11 тармағына сәйкес құжаттар ұсынады.

Мемлекеттік қызметті алушының осы стандарттың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды толық тапсырмауы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болады.

#### **5. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершіліктері.**

16. Уәкілетті органның басшысы мемлекеттік қызметті көрсететін жауапты тұлға болып табылады.

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, мемлекеттік қызметтің белгіленген мерзімде көрсетілуіне уәкілетті органның басшысы жауапты болады.

"Арнайы жалпы білім беретін  
оқу бағдарламалары бойынша оқыту  
үшін мүмкіндіктері шектеулі  
балалардың құжаттарын қабылдау

## "Қала (аудан) әкімдіктерінің білім бөлімдері" мемлекеттік мекемелерінің тізімі

№ п/п	Бөлімдердің атауы	Орналасқан мекенжайы	Байланыс телефондары
1	2	3	4
Алматы облысы			
1	"Алакөл ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Үшарал қаласы Қонаев көшесі, 50	8 (728 33) 210-33, 225-64
2	"Ақсу ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Жансүгір поселкісі, Желтоқсан көшесі, 5	8 (728 32) 215-80, 222-90
3	"Балқаш ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Бақанас ауылы, Қонаев көшесі, 72	8 (728 73) 913-70, 918-53
4	"Еңбекшіқазақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Есік қаласы, Алматы көшесі, 312	8 (728 75) 453-57, 415-50
5	"Ескелді ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қарабұлақ п., Оразбеков көшесі, 31	8 (728 36) 312-00, 307-74
6	"Жамбыл ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Ұзынағаш ауылы, Мәжітов көшесі, 4	8 (728 70) 228-51, 233-48
7	"Іле ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Өтеген батыр п., Титов көшесі, 33	8 (728)52-235-05, 236-94
8	"Қаратал ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Үштөбе қаласы, Молдағұлова көшесі, 67	8 (728 34) 215-36, 213-82
9	"Қарасай ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қаскелең қаласы, Қабанбай батыр көшесі, н/ж	8(728 71) 210-80, 220-37
10	"Кербұлақ ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Сарыөзек п., Тимирязев көшесі, 1	8 (728 40) 320-68, 314-34
11	"Көксу ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Балпық би, Мырзабеков көшесі, 38	8 (728 38) 217-61, 202-95
12	"Панфилов ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Жаркент қаласы, Розыбакиев көшесі, 22	8 (728 31) 507-69, 517-75
13	"Райымбек ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Кеген ауылы, Момышұлы көшесі, 19	8 (728 77) 212-52, 214-50
14	"Сарқан ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Сарқант қаласы, Тынышбаев көшесі, 8	8 (728 39) 227-39, 213-04
15	"Талғар ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Талғар қаласы, Қонаев көшесі, 65	8 (728 74) 214-00, 236-89
16	"Ұйғыр ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Шонжы ауылы, Исмаилов көшесі, 70	8 (728 78) 228-25, 217-04
17	"Қапшағай қаласы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Қапшағай қаласы, Жамбыл көшесі, 13	8 (728 72) 422-65, 411-76
18	"Текелі ауданы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Текелі қаласы, Абылайхан көшесі, 34	8 (728 72) 425-24, 447-70
19	"Талдықорған қаласы әкімдігінің білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 256	8 (728 22) 710-00, 707-08

## **"Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызмет регламенті**

### **1. Негізгі ұғымдар**

1. Осы "Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсету регламентінде (бұдан әрі - Регламент) келесі ұғымдар қолданылады:

- 1) тұтынушы – жеке тұлға;
- 2) уәкілетті орган – аудандық, қалалық білім бөлімдері;
- 3) уәкілетті органның жауапты қызметкері – лауазымдық қызметіне сәйкес жүктелген уәкілетті органның қызметкері;
- 4) уәкілетті органның бастығы – аудандық, қалалық білім бөлімдерінің бастықтары.

### **2. Жалпы ережелер**

2. Осы мемлекеттік қызметтің регламенті Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 9-1 бабындағы 4 тармаққа сәйкес әзірленді.

3. "Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет) осы регламенттегі 1 қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы органдар белгілейтін мемлекеттік білім беру бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорындар болып табылатын балаларға қосымша білім беру ұйымдарында көрсетіледі.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 1, 4, 5, 6, 23, 26, 40 баптарымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы N 1119 қаулысымен бекітілген "Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес ұсынылады (бұдан әрі - стандарт).

7. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі мемлекеттік қызмет стандартының 5 тармағына сәйкес білім беру ұйымының бұйрығы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабы болып табылады.



### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар**

8. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы ақпарат осы регламенттің 1 қосымшасына сәйкес қосымша білім беру ұйымдарының стендтерінде және стандарттың 4, 11 тармақтарында көрсетілген.

9. Аталған қызмет 3 жастан 18 жасқа дейінгі жеке тұлғаларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті алушы) көрсетіледі.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері стандарттың 7 тармағында көрсетілген.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттың 16 тармағында көрсетілген жағдайларда ұсынылмайды.

12. Тұтынушыдан мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш алғаннан бастап мемлекеттік қызметтің нәтижесін ұсынғанға дейінгі уәкілетті орган арқылы мемлекеттік қызмет көрсетудің кезеңдері:

1) тұтынушы уәкілетті органға өтініш білдіреді;

